

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Шет ауданы білім бөлімінің «С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ» КММ
мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды**

Киікті ауылдық округы

Ы.Алтынсарин, 1 Б ғимараты.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2022 жылғы «09» қарашада бекітілген.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Қарағанды облысы білім басқармасының Шет аудан білім бөлімінің «С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ» КММ-ның бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, атап айтқанда өткен екі оқу жылы және ағымдағы оқу жылының мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі – Бағаланатын кезең).

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы. Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «С.Мұқамеджанов атындағы» КММ.
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Киікті ауылдық округы, Ы.Алтынсарин 1Б ғимараты.
3)	занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт). Телефон: 8 (710 33) 64- 2-03 арнайы сайт: сілтеме: https://krguo.edu.kz/blogs/fromorg/597 e-mail: shet-oso-7404@bilim09.kz
4)	занды тұлға өкілінің байланыс деректері https://disk.yandex.kz/i/67T7COXuY17GUg Смагулова Жанар Куатбековна Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданы білім бөлімінің» 2025 жылғы 13 ақпандағы №25 бұйрықпен тағайындалған.
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары https://disk.yandex.kz/i/X4z0S4D6kJdASg Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 20.01.2021 жылғы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және занды тұлғаларды тіркеу бөлімі БИН 971240002402
6)	рұқсат беру құжаттары: https://disk.yandex.kz/i/1oEsTZB-4TQIIQ «С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ» КММ -мен қызметтің басталғаны туралы хабарлама электрондық нысанда рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін пайдалана отырып жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы 12.02.2021 жылы №KZ41LAA00023422 электрондық нысанда хабарлама берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының білім беру қызметін зерделеу қорытындысы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары	
1)	Оқу жұмыс жоспарларымен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған қызметті бөлудің көшірмелері, бағаланатын кезең үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса).*

«С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ»КММ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлға болып табылады.

2022-2023 оқу жылындағы Мектепалды даярлық 0 сыныбы 5/6 жас мемлекеттік тілде
<https://disk.yandex.kz/i/zJfTd78Ishj7Q>

2023-2024 оқу жылындағы Мектепалды даярлық 0 сыныбы 5/6 жас мемлекеттік тілде
<https://disk.yandex.kz/i/C6vSy3T97bmpDQ>

2024-2025 оқу жылындағы Мектепалды даярлық 0 сыныбы 5/6 жас мемлекеттік тілде
<https://disk.yandex.kz/i/3aXwJc0tqqX37w>

<https://disk.yandex.kz/i/r1uCuufA8hXqDQ> - сабақ кестесі 2024-2025 о.ж.

Білім беру ұйымымен ұсынылған құжаттарға және ҰБДҚ алынған мәліметтерге сәйкес бағаланатын кезең аралығында топтарда психологиялық-медициналық-педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде оқытылған ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болмаған.

Бағаланатын кезеңге ұсынылған жұмыс оқу жоспарлары қалалық білім бөлімімен келісілген, директордың қолымен бекітілген. Бағаланатын кезеңге ұсынылған жұмыс оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес.

Бағаланатын кезеңде 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарына ұсынылған білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған қызметті бөлудің көшірмелері ұйымдастырылған іс әрекетті бөлу кестесі оқу жоспары негізінде жасалған.

2022-2023 оқу жылында (5/6жас) мектепалды даярлық топтарының ұйымдастырылған іс әрекетті бөлу кестесі оқу жоспары негізінде жасалған.

2023-2024 оқу жылында (5/6 жас) мектепалды даярлық тобы ұйымдастырылған іс әрекетті бөлу кестесі оқу жоспары негізінде жасалған.

2024-2025 оқу жылында (5/6 жас) топтарының Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс жоспарлары 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығының 2,3 - қосымшасына сәйкес жасалынған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 3) тармақшасы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығына 1,2,3, - қосымшасы талаптарына сәйкес келеді.

2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру *(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен білім беру бағдарламаларының (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша), ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарларының, бағаланатын кезеңдегі тәрбие-білім беру процесінің циклограммаларының көшірмелері).*

Ұсынылған жас топтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары, вариативтік оқу бағдарламалары зерделенді.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жоспарларымен циклограммалары, вариативтік жоспары толық ұсынылды. ҰОЖ сағат перспективалық жоспарларымен циклограммалары, мектепалды сыныбында ҰОЖ сағат сандары сәйкес келеді.

<https://disk.yandex.kz/d/UoLq2QyqPjdUJA>

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық топтарының перспективалық жоспарларымен циклограммалары толық ұсынылған, мектепалды сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметі сағат сандары сәйкес келеді.

<https://disk.yandex.kz/d/UPDAOy95KeCMqg>

2024-2025 оқу жылында перспективалық жоспарлары және циклограммалары толық ұсынылды. мектепалды сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметі сағат сандары сәйкес келеді.
https://disk.yandex.kz/d/Tjm-B28tTHme_Q
Ұсынылған жас топтарына арналған тәрбиелеу-білім беру процесі циклограммасының құрылымы мен мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 06.04.2020 жылғы №130 бұйрығына 2-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары» талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 8-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығына 1, 2, 3 - қосымшалары талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 06.04.2020 жылғы № 130 бұйрығына 2-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары» талаптарына сәйкес келеді.

3) **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау** (Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрмен расталған), бағаланатын кезеңдегі штат кестесі, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрмен расталған), жабдықпен және жиһазбен жарақтандырылғандығы туралы мәліметтер (басшының қолымен және мөрмен басшының қолымен және мөрмен расталған әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес нысанда), бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органмен келісілген түгендеу тізімдемесі).

<https://disk.yandex.kz/i/PR3vz-WyOhJdUQ>

1) жас топтарын жинақтау және толықтыру, басшының қолымен және мөрмен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімін зерделеу және оны ҰБДҚ көрсетілген мәліметтермен салыстыру.

2022-2023 оқу жылы - https://disk.yandex.kz/i/UD_wggGkQzZBDQ

Мектепалды даярлық сыныбы 11 оқушы /5/6 жастан бастап/;

2023-2024 оқу жылы - <https://disk.yandex.kz/i/CyMTXlvTxjHqEg>

Мектепалды даярлық сыныбы 10 оқушы /5/6 жастан бастап/;

2024-2025 оқу жылы - https://disk.yandex.kz/i/aURM7hG_Tbj2-g

Мектепалды тобында 16 оқушы /5/6 жас/;

<https://disk.yandex.kz/d/dI5jShFyOhIvVw> - логопед анықтамалары

<https://disk.yandex.kz/i/L0GXlsu4HBw3Dg> - 5-қосымша

Осылайша тәрбиеленушілердің саны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы №385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 8-тармағының талабына сәйкес жинақталған.

2) мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орнын сақтау және тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару: ұсынылған өзін-өзі бағалау қорытындысын зерделеу, басшының қолымен және мөрмен расталған Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшада көрсетілген тәрбиеленушілердің қозғалысына сәйкес нысан бойынша тәрбиеленушілер контингентінің тізімін зерделеу және оны ҰБДҚ көрсетілген мәліметтермен салыстыру барысында бағаланатын кезеңде тәрбиеленушілер ата-аналардың өз өтініштері негізінде шығарылғандығы анықталды, ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы №385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 15, 16 тармақтарына сәйкес келеді.

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету: «С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ»КММ оқу және ойын материалдарымен жабдықталғанын растайтын,білім беру ұйымы басшының қолымен және мөрмен куәландырылған Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте ұсынылды. Мектепке дейінгі ұйым коммуникативті, танымдық және интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін, ғылыми-зерттеу іс-

әрекетін дамытуға, моторикасын дамыту мен жетілдіруге, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ балаларды тәрбиелеуге бағытталған оқу және ойын материалдарымен жабдықталғаны анықталды.

Сонымен, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшаның 9-тармағына және «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығында сәйкес келеді.

4) бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мемлекеттік білім беру

тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру: ұсынылған құжаттарды зерделеу сынып жетекші 5 күндік жұмыс аптасымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғаны анықталды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ.

5) «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына» сәйкес штат саны (мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін):

Басшының қолымен және мөрімен расталған педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес барлығы 2 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде директор-1, 2 – мұғалім.

6) тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің болуы: Басшының қолымен және мөрімен расталған педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға және ҰБДҚ алынған мәліметтерге сәйкес бағаланатын кезеңде барлығы 1 педагог жұмыс жасаған, Барлық педагогтердің білімдері педагогтің кәсіптік қызметіне сай.

Педагогтердің тиісті бейін бойынша арнайы педагогикалық білімдері бар. Педагогтерінің жалпы санынан тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар педагогтердің үлесі-21,7%, жоғары білімі бар педагогтердің үлесі-78,2%.

7) біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет көтерген/растаған педагогтердің болуы: Басшының қолымен және мөрімен расталған педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға және Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес штаттық негізде жұмыс атқаратын 2 педагогтің, 2-еуі санатсыз.

Уақытылы біліктілігін көтерген/растағандар педагогтердің үлесі 82,6 %-ды құрайды.

8) Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 15.10.2020 жылғы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтуі: Басшының қолымен және мөрімен расталған педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшадағы педагогтердің жыл сайын міндетті медициналық зерттеп-қараудан өтуі туралы мәліметтерге сәйкес педагогтер уақытылы медициналық зерттеп-қараудан өткен, яғни Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы №385 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 25- тармағына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тармағының 2) тармақшасы талабына сәйкес. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары 4-тармағына сәйкес.

4) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі

	болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы. <i>(бағаланатын кезеңдегі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің көшірмелері).</i> Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің бағаланатын кезеңдегі оқу жылына берілген. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай мониторинг жүргізіліп, балалардың жетістіктері мен даму динамикасы және қозғалысы айқын көрінеді. Осы мәліметтер негізінде балалардың жеке даму картасы толтырылған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына баланың даму мониторингі мен жеке даму картасы ұсынылған. https://disk.yandex.kz/d/2Ps7QEFFF5q7AQ - 2022-2023 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/KywuBsleDqkjbq - 2023-2024 о.ж https://disk.yandex.kz/d/L6pNAXbCXK4AWQ - 2024-2025 о.ж
ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 21-тармағы талабына сәйкес келеді.	
5)	Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы <i>(бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің даму мониторингі (бастапқы) нәтижелерінің көшірмелері).</i> Жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында айқындалған және индикаторлар алдыңғы жас тобының (II жартыжылдық) аралық қорытынды бақылауының күтілетін нәтижелері болып табылады. https://disk.yandex.kz/d/Y6_X1ZOKAShNsw - мониторинг 2022-2023 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/WfdN3ZfpPNWPRg - баланың жеке даму картасы 2022-2023 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/Wi9dIVr9vjAGiQ - мониторинг 2023-2024 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/d8M9Im_EJOuTxA - баланың жеке даму картасы 2023-2024 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/OAvwAbQ471URnQ - мониторинг 2024-2025 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/IpY5jp1AhkjNcQ - баланың жеке даму картасы 2024-2025 о.ж. Бағаланатын кезеңге ұсынылған тәрбиеленушілердің дамуының көрсеткіштері материалдарын талдау балалардың даму деңгейін қадағалау және балаларды тәрбиелеу мен дамытуда әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып, бақылау парақтарында айқындалған индикаторларға сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылғанын көрсетті, жеке даму картасы әр тәрбиеленушіге толтырылған, мамандардың ұсыныстары жазылған.
ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 5, 6-тармақтары талаптарына сәйкес келеді.	
6)	Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдауы <i>(бағаланатын кезеңдегі балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің көшірмелері)</i> https://disk.yandex.kz/d/XxutUKfx-YHjAg - 2022-2023 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/frLtT064kmdvzw - 2023-2024 о.ж. https://disk.yandex.kz/d/ayYg-iAqjb_5KQ - 2024-2025 о.ж. Баланың дамуының жеке картасы баланың бірінші сыныпқа түскенге дейін Мектепке дейінгі ұйымда болуының барлық кезеңіне жүргізіледі. Бағаланатын кезеңге тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің материалдары ұсынылды. Келтірілген құжаттар зерделеніп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеруі бойынша оң көрсеткішке ие.
ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 - 11 тармақтары, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08.2016 жылғы №499 бұйрығына 1-қосымшаның 3 тармағы талабына сәйкес емес.	
Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер	
1)	МДТОҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінен жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы <i>(білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке</i>

оқу жоспарлары (бар болса), ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).

«С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ»КММ МДҰ-на бағаланатын кезеңде үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі мен сақталуын анықтау мақсатында оқу жұмыс жоспарлары, перспективалық жоспарлар, циклограммалар зерделенді. Бағаланатын кезеңде білім беру ұйымында психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысы негізінде оқытылған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар болмаған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жас топтарында үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі (мектепалды топ) мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оның ішінде аптадағы өткізу жиілігі мен нормативтік жүктемесіне сәйкес екендігі анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 22-тармағы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы №557 бұйрығына 1, 2, 3 –қосымшалары талаптарына сәйкес емес.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

1) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау (білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса) ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).

Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілер контингентінің тізімдерін зерделеу барысында МДҰ тәрбиеленушілерінің жас кезеңдері мектепке дейінгі жас (5-6 жас) аралығында екендігі анықталды:

2022-2023 оқу жылындағы 5-6 жастан бастап /; <https://disk.yandex.kz/i/xt8a8S1qVYd74A>

2023-2024 оқу жылындағы 5-6 жастан бастап <https://disk.yandex.kz/i/-iGg9J2buWJWbg>

2024-2025 оқу жылындағы 5-6 жастан бастап <https://disk.yandex.kz/i/SGpE1noWa Rxnw>

Топтарды жасақтау кезінде жалпыға міндетті стандарт талабында анықталған жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталуы бойынша жас кезеңділігі қағидаты сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 24 –тармағының талабына сәйкес келеді.

2) Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау (білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жоспарлары (бар болса), ұйымдастырылған қызметті бөлу, бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының қолымен және мөрімен расталған).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерінің сақталуын белгілеу мақсатында бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілер контингентінің тізімдері, сондай-ақ Ұлттық білім беру дерекқорынан алынған мәліметтер зерделеніп, салыстырылды.

Нәтижесінде әрбір жас кезеңділігі бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталғаны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 26-тармағы талабына сәйкес

Сауалнама: <https://disk.yandex.kz/i/IY5XUnvCP8JDfA>

ҚОРЫТЫНДЫ: Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «С.Мұқамеджанов атындағы ЖББМ»КММ білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес.

Анықталған бұзушылықтар мемлекеттік аттестаттау нәтижесіне әсер етпеді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

Кемшіліктер мен ескертулер бойынша әдістемелік нұсқаулар:

1. Мектеп жасына дейінгі балалармен ұйымдастырылған іс-шараларды, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығының 1-қосымшаның 22-тармағына, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшаларына және 2016 жылғы 12 тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. № 499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Заңына сәйкес жоспарлау және өткізу.
2. Қазақстан Республикасы Білім министрінің бұйрығының 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарауының 24-тармағына сәйкес педагог қызметкерлері бес жылда кемінде бір рет өзінің кәсіби деңгейін көтеруге, біліктілік аттестациясынан өтуге міндетті.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу деңгейі бойынша бағалау парағы

№	Бағалау өлшем шарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балл
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Білім беру ұйымына кәсіптік қызметін жүзеге асыруға жіберілген 2 педагогтің 2-нің жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар, оның үлесі 100 %-ды құрайды.	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бесжылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	Штаттық негізде жұмыс істейтін 2 педагог (тестілеу 2025 жылға дейін тоқтатылғандықтан кезекті аттестаттаудан өтпеген//, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлесі 83%-ды құрайды	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Штаттық негізде жұмыс істейтін 2 педагогтің біліктілігін арттыру курсынан уақытылы курстан өткен педагогтердің үлесі 100%-ды құрайды	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы	Балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қолайлы дамытушы орта жасақталған, жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілген, білім беру ұйымының жабдықтар мен және жиһазбен жарактандырылуы 100%-ды құрайды.	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау	Ұлттық білім беру деректер қорынан алынған мәліметтерге сәйкес білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар жоқ.	5
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген.	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Мектепалды даярлық топтары жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталған, мектепалды даярлық	5

		сыныбының саны – 1, орташа толымдығы 13 бала, толықтырылуының сәйкестігі 100%-ды құрайды.	
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Мектепалды даярлық жастағы тәрбиеленушілердің (100%) ата-аналары (заңды өкілдері) қатысып, олардың 95%-ы тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанатынын көрсеткен.	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Мектепалды даярлық топ педагогтің /бала күту демалысындағы педагогты қоспағанда/ 100%-ы сауалнамаға қатысып, олардың 96%-ы сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатынын көрсеткен.	5
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту деңгейі бойынша жалпы сома			43

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 31.12.2022 жылғы № 14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың» 78-тармағына (бұдан әрі- Нұсқаулық) сәйкес білім беру ұйымы қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша ол тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бір жылдан аспайтын мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар туралы ақпаратты ұсынады.

Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін білім беру ұйымында бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің болуын ескеріп, Департаменттің лауазымды тұлғасымен өз құзыреті шегінде, Нұсқаулықтың 79-тармағына сәйкес қорытынды тапсырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн мерзімнен бір жыл уақыт аралығындағы мерзім келісіледі.

Комиссия төрағасы:  *М.К.Есетулова*

Құрамы:

М.Ж.Қызылбаева

М.А.Аманжолов

А.С.Аманжанова

Ж.С.Жумагелдина

Б.К.Боранкулова *Б.К.Боранкулова*